

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Заттың қимылын білдіретін сөздерге саяхат

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.11.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/20687/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Көкейхан Риза

Сабақтың мақсаты:

- Білімділігі:** Оқушылардың заттың қимылын білдіретін сөздерді терең меңгеріп, алған білімдерін жетілдіру, толықтыру. Заттың қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіндіру, оларға сұрақ қойып үйрету.
- Дамытушылығы:** Оқушылардың шығармашылығынын, қызығушылығын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, эстетикалық талғамын қалыптастыру..
- Тәрбиелігі:** Оқушыларды көркем, сауатты, таза жазуға, жылдам ойлауға баулу.

Сабақ түрі: ашық сабақ.**Сабақтың әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, салыстыру, ойландыру, талдау, сипаттау.**Көрнекілігі:** плакат, диктатикалық материал, қима қағаздар, суреттер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Дайындықтарын тексеру, зейіндерін өзіме аудару.
- Дәптерлерін тарату, партада дұрыс отыруын қадағалау.
- Үй жұмысының қалай орындалғанын тексеру.

«Үй тапсырмасын тексеру». Оқушылар бүгінгі сабағымыз ерекше, қазір біз Каспий теңізіне саяхат жасаймыз. Біз саяхатымызды үй тапсырмасын тексеруден бастаймыз.

-Оқушыдан сабақ сұраймын. Зат есімнің жекеше және көпше түрлерінен ереже сұраймын. Үйге берілген 4-жаттығудағы көптік жалғаулы зат есімдерді тауып құрамына талдау жасатамын.

II. Қызығушылығын ояту.

Өтірік өлең.

Ағаштан астау жасап отқа қойдым,
Ұстап алып шегірткені соғым сойдым.
Көршілерге тараттым оның етін,
Қалғанын мұздатқышқа салып қойдым.

III. Ой толғаныс

Топтағы оқушыларға әр түрлі бейне жапыстырылған кемелер таратамын. Оқушыларға қандай бейне тарыса соны сипаттап, іс-қимылын көрсетіп, дыбысытарын келтіріп беруі керек.

-Оқушылар біз енді оқулықпен жұмыс жасаймыз. **1-жаттығу** (ауызша). Сурет бойынша әңгіме құрастырымыз. Әр бір топтан бір-бір оқушы шығады.

Ал енді оқушылар: «Айлаққа келіп тоқтап,
Біраз демалып алайық.
Салақтықтан қашайық,
Көрсетілген үлгіге,
Әдемілеп жазайық».

Енді дәптермен жұмыс. **3-жаттығу.**

Суреттегі жануарлар мен құстардың атын жазу. Олардың қасына

не істейді? қайтеді? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып жазу.

| | |
|---------------|-------------|
| Арыстан | Жылан |
| Шымшық | Бақа |
| Қасқыр | Қарға |

V.Қорытынды: Балалар біз теңізді аралап, ондағы әр түрлі айлақтаға аялдап, олар мен танысып шықтық.

— Балалар біздің Каспий теңізіне жасаған саяхатымыз кімге ұнады?

— Жарайсыңдар. Біздің теңізді аралап шығуымызға не көмектесті? —
Білім.Тапқырлық.

VI.Бағалау:Сабаққа белсене қатысқан оқушылар бағаланады.

Үйге тапсырма: 2-жаттығу 146-бет.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.